

КСРО-ның ядролық қалқаны Шығыс Қазақстан халқына ерекше қасірет әкелді. 1963 жылға дейін сынақтар жер үсті мен ауада жүргізілді. Ядролық сынақтарды үш ортада жүргізуге тыйым салатын келісімшарттан соң жарылыстар тек жер астында жүргізілді. Дегенмен, ол семейліктерді құтқарып қалмады. 1989 жылдың ақпан айында жүргізілген сәтсіз жарылыстан соң ауаға жайылған радиоактивті бұлт жақын маңдағы елді-мекендерге таралып, 1,3 миллион адам ядролық сынақ салдарынан зардап шекті.



ҚР Президенті Н.Назарбаев 1991 жылы 28 тамызда Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Сол арқылы қазақ елі ядролық қарудан бас тартқан бейбіт мемлекет ретінде әлемге танылды. Семей полигоны жабылған соң Ресей, Франция, АҚШ сынды алпауыт мемлекеттер ядролық қаруды сынауға мораторий жариялап, халқының күпті көңілін жайландырды.

Бүгінгі таңда ауданы 18,5 шаршы метр. км де -факто – экологиялық апат аймағы, бұрынғы полигонның қауіпті аймақтарында радиоактивті фон 2009 жылы сағатына 10–20 миллирентгенге жетті. Ресми мәлімет бойынша, қазір полигон аумағында ешкім тұрмайды, бірақ шаруалар полигон аумағында заңсыз мал бағып жүр.



Составление и оформление:
библиограф ЦТБ Алкайдарова Г.Ж

КГУ «ЦЕНТРАЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ИМ. И. ШУХОВА»

АДРЕС: СКО, Г. ПЕТРОПАВЛОВСК,
УЛ. БРУСИЛОВСКОГО, 65
ТЕЛЕФОН: 8(7152)50-04-11
8(7152)33-19-57

Электронная почта: shuhov_lib@mail.ru

Сайт: <https://shuhovlibrary.skz.kz/>

<https://vk.com/shuhovlibrary>

@shuhov_kitapkhana

<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>

<https://www.youtube.com/@shuhovlibrary>

«И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЛАЛЫҚ
КІТАПХАНА» КММ

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ БОЛАШАҚ

29 ТАМЫЗ
СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ
ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАН
КҮНІ

БУКЛЕТ

ПЕТРОПАВЛ
2024

Қазақ ССР-і Президенті болған Назарбаевтің алғашқы жарлықтарының бірі **1991 жылдың 29 тамызында** жарияланған "Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы" №409 жарлығы болды. Ол кезде Президент Одақ билігінің шешімін күтпестен барлық жауапкершілікті өз мойнына алды.

Семей ядролық полигонының ресми жабылуы онда алғашқы ядролық қару сынаудан кейін 42 жыл өткен соң болды. **1949 жылы 29 тамызда** жарылған алғашқы бомбаның қуаты 22 килотонна болды.

Бұл жарылыстардың барлығы аймақтың экологиясына және сол аймақтарда тұратын халыққа зиянды әсер еткені сөзсіз, бірақ ядролық сынақтар тек 1989 жылы тоқтатылды. Одан кейін қазақ жазушысы, публицист, қоғам қайраткері

О л ж а с Сүлейменов дүние жүзіндегі ядролық сынақтардың құрбандарын біріктірген «Невада-Семей» антиядролық қозғалысын құрды.



Семей полигоны

КСРО ядролық сынақ полигондарының бірі, аса маңызды стратегиялық объектісі болды. КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті.

Ол үшін арнайы **18 млн га** жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын **500 мыңдай адам** осы сынақтан азап шекті.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, сол сынақтардың **88-і ауада, 30-ы жер бетінде, 340-ы жер астында** жарылған. Олардың **296-сы Дегелең тауының астында** жасалған.

1961-1962 жылдардың ішінде тағы **68 жарылыс болған**. Олардың 53-і ашық ауада сыналғаны тарихтан белгілі.



Белгілі зерттеуші-журналист, жазушы **Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті»** атты кітабында қазақ даласына қасірет шектіріп, мыңдаған адамның өмірін жалмаған сол атом бомбалаланының құрылымын былай көрсеткен:

Ажал құрылғысының негізгі көзі тротил қоспасы мен гексогеннің өзара қатынасын тең яғни 1:1 мөлшерінде етіп есептеп сырттан қуат беріп тітіркендіреді. Сол тітіркенудің жылдамдығын секундына 7650 метрге жеткізгенде атом ядросы тізбекті реакцияға түседі екен. Отыз екі түрлі нүктеден бір мезетте атқылап шыққан заряд тізбекті реакция тудырып, ғаламат атомдық жарылыс тудырады.

Бір килограмм радийдің ыдырау реакциясы толық аяқталу үшін 1590 жыл кеерк екен. Тек содан кейін ғана салмағы 0,5 кг қорғасынға айналып тыныш табады.

